

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Бірлік ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 5 маусымдағы № 9 шешім. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Бірлік ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 26 шілдедегі № 14 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Бірлік ауылдық округі әкімінің 26.07.2024 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2024 жылғы 03 маусымдағы 09-02-02/199 ұсынысы негізінде Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Бірлік ауылдық округінің әкімі, **ШЕШТІ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Старобелка ауылының, Бірлік ауылдық округінің, Школьная көшесінің 7/2 үйінің аумағында құтыру ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

А. Әржікеев